



BALQASH ÓNIRI

balqash_oniri_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№14 (13480), 25 АҚПАҢ, СӨРСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

Ауқымды іс-шаралар басталды



Cell спутниктік байланысы іске қосылады. Киберқауіпсіздік пен инфрақұрылымда бірыңғай қауіпсіздік контуры қалыптастырылып, мемлекеттік жүйелер жаңа деректерді өңдеу орталығына көшіріледі.

Салаларды цифрландыру аясында энергетика, ауыл шаруашылығы, құрылыс, логистика және қаржы секторына ЖИ шешімдері енгізіледі. Геологиялық деректердің 90 пайызы цифрлық форматқа өтеді. Ауыл шаруашылығында өнімділік 10 пайызға артады деп күтілуде. Өңірлік даму бағытында ауылдарға талшықты-оптикалық желі тартылады, 20 қала 5G желісімен қамтылады. ХҚКО-лар цифрлық форматқа көшіріліп, Астанада Smart City жобасы жүзеге асады. Нәтижесінде халықтың 99 пайызы жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізеді.

Айта кетейік, жаңа экономика ны қалыптастыру аясында криптоиндустрия, цифрлық активтер, мемлекеттік майнинг жобалары және пилотсыз индустрия дамытылады. Отандық спутниктерді орбитаға шығару және экспортқа бағыттау жоспарланған. Жалпы, бастама цифрлық трансформацияны жеделдетіп, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

ÓNIR-AQPAPAT.

15 НАУРЫЗ Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды! РЕФЕРЕНДУМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ НҮРЛАН ӘБДІРОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ. РЕСМИ АҚПАРАТТЫ КЕШЕ АҚОРДАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Нұрлан Әбдіровті қабылдады

Ақпаратқа сүйенсек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа республикалық референдумды ұйымдастыру және дайындық жұмыстары туралы мәлімет берілді. Президент референдумды өткізу барысында ашықтыққа, заңдылыққа және барлық азаматқа тең жағдай жасау қажет екеніне баса назар аударды.

Айта кетейік, 15 наурызда республикалық референдум өтеді. Тиісті жарлыққа Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған болатын. Сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша тіркелген 12 416 759 азамат енгізілген. Референдумды ұйымдастыруға Үкімет резервінен 20 млрд. теңгеден астам қаржы қарастырылған.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН.

ҚАЗАҚСТАНДА ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ АЯСЫНДАҒЫ АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР БАСТАЛДЫ. БҮЛ БАСТАМА – МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС ҚОЛҒА АЛЫНҒАН. ЖОСПАРДЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВ БЕКІТТІ. ЖАЛПЫ ЖОСПАР 8 БАҒЫТТЫ ҚАМТЫП, 100 НЕГІЗГІ ІС-ШАРАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ КӨЗДЕЙДІ. НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР – ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ КЕҢІНЕН ЕНГІЗУ, АДАМИ КАПИТАЛДЫ НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ МОДЕЛЬГЕ КӨШІРУ. ЖЫЛДЫҢ РЕСМИ АШЫЛУЫ НАУРЫЗ АЙЫНДА АЛЕМ.АІ АЛАҢЫНДА ӨТЕДІ.

Стратегиялық бағытта «Digital Qazaqstan» стратегиясы әзірленіп, IT-компанияларға салықтық және реттеушілік ынталандыру шаралары енгізіледі. Цифрландыру, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және цифрлық активтер салалары

бойынша заңнамалық бастамалардың 90 пайызы қабылданады. Адами капиталды дамыту аясында AI-SANA бастамасы жүзеге асады. Жасанды интеллект негіздері мектептен бастап оқытылып, жоғары оқу орындары мен ересектерді қайта даярлау жүйесіне енгізіледі. 450

мыңнан астам оқушы мен педагог цифрлық дағдылармен қамтылады. AI University жобасы іске қосылып, өңірлерде Tomorrow School кеңейтіледі. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер мен бизнес өкілдеріне арналған арнайы AI бағдарламалар жүзеге асады.

GovTech моделіне көшу шеңберінде мемлекеттік қызметтердің кемінде 50 түрі жасанды интеллект арқылы көрсетіледі. Қызметшілердің 80 пайызы бірыңғай цифрлық жұмыс орнымен қамтылады. Мемлекеттік жүйелердің 30 пайызы QazTech платформасына көшіріледі. Пойыздарда, ұшақтарда және туристік аймақтарда интернет қолжетімді болады. Direct to

Нұрлос МАРАТҰЛЫ,
«BALQASH ÓNIRI»

✓ОҚЫС ОҚИҒА

Зардап шеккендер жоқ

19 АҚПАҢДА САҒАТ ШАМАМЕН 08:10-ДА ҚАРАМЕНДЕ БИ КӨШЕСІ, 10 МЕКЕНЖАЙЫНДА ОРНАЛАСҚАН ТҮРҒЫН ҮЙДІҢ БІР БӨЛІГІ ҚҰЛАДЫ. БҮЛ ТУРАЛЫ ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ ӨКІЛДЕРІ ХАБАРЛАДЫ.

Мәліметке сәйкес, аталған үйдің бұрын апатты деп танылып, бұзуға жатқызылған, қазіргі уақытта пайдала-

нылмайтын (тұрғын емес) кіреберісінің бір бөлігі опырылған. Құлау сәтінде подъезде ешкім болмаған. Қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ.

Әкімдік өкілдерінің хабарлауынша, 2025 жылы көрсетілген 5-подъезд Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама-сына сәйкес жүргізілген техникалық қорытынды мен құрылыс сараптамасының негізінде апатты деп танылған. Осыған байланысты подъезд тұрғындары

алдын ала қоныс аударылып, пәтерлері тұруға жарамсыз деп танылған азаматтар заңда белгіленген тәртіппен тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепке қойылған.

Оқиғадан кейін ғимарат аумағы қоршауға алынып, кіруге шектеу қойылды. Сондай-ақ, инженерлік коммуникациялар – электр, жылу және су жүйелері ажыратылды. Қазіргі уақытта құрылыс және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып,

5-подъезді демонтаждау жұмыстары жүргізілуде. Жауапты органдардың мәліметінше, демонтаж аяқталған соң қалған төрт подъезге қосымша техникалық тексеру және құрылыс сараптамасы жүргізіледі.

Алдағы кезеңде ғимараттың қалған бөліктерінің конструкцияларын күшейту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, тиісті жұмыстар заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.





✓ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Борышкердің мүлкін тәркілеп өткізу кезектілігі

БОРЫШКЕРДІҢ МҮЛКІН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ САТЫЛЫМҒА ШЫҒАРУ — БҮЛ АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕҢ ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНА СӘЙКЕС, БҮЛ ПРОЦЕСС БЕЛГІЛІ БІР ҚАТАҢ КЕЗЕКПЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

Борышкердің мүлкін өндіріп алудың кезектілігі:

Сот орындаушысы борышкердің мүлкін бірден түгел тартып ала алмайды. Заң бойынша «аз шығынмен көп нәтижеге жетуге» және борышкердің өмір сүруіне қажетті дүниелерін сақтап қалу принциптері жұмыс істейді.

1-кезек: Ақшалай қаражат және құнды қағаздар.

Ең алдымен өндіріп алу борышкердің ақшасына, соның ішінде банк шоттарындағы және сақтаудағы ақшасына бағытталады.

- Ұлттық валюта – теңге
- Шетелдік валюта
- Құнды қағаздар мен дивидендтер.

2-кезек: Өндіріс процесіне тікелей қатысы жоқ жылжымалы мүлік:

Егер ақша жеткіліксіз болса, кезек борышкердің тұрмысына немесе кәсіби қызметіне тікелей әсер етпейтін мүліктерге келеді:

- Автокөліктер (егер ол жалғыз табыс көзі болмаса);
- Бағалы бұйымдар, зергерлік бұйымдар;
- Тұрмыстық техника (артық мүлік ретінде);
- Интернет заттары мен қымбат жиһаздар.

бат жиһаздар.

3-кезек: Жылжымайтын мүлік. Бұл кезеңде борышкердің меншігіндегі ғимараттар мен жер телімдері қарастырылады:

- Коммерциялық нысандар (кеңселер, қоймалар);
- Тұрғын үйлер мен пәтерлер;
- Саяжайлар мен жер учаскелері.

Маңызды: Егер пәтер борышкер мен оның отбасы үшін жалғыз баспана болса, оны тартып алудың заңдық шектеулері мен ерекше шарттары бар.

4-кезек: Өндіріс құралдары мен шикізат (Заңды тұлғалар үшін).

Кәсіпкерлер немесе компаниялар қарыз болған жағдайда, ең соңғы кезекте олардың жұмысын тоқтатуға әкелетін мүліктер алынады:

- Өндірістік станоктар мен жабдықтар;
- Шикізат пен материалдар;
- Мал шаруашылығындағы негізгі табыс көздері.

Мүлкті өткізу (сату) процесі қалай жүреді?

1. Тізімдеу және тыйым салу. Сот орындаушысы мүлктің актісін толтырып, оны сатуға немесе басқаға беруге тыйым салады.

2. Бағалау. Тәуелсіз бағалаушы маман шақырылып, мүлктің нарықтық құны анықталады.

3. Электрондық аукцион. Мүлік «Мүлік» (e-auction.kz) автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы сатылады.

4. Қаражатты бөлу. Сатылған мүлктен түскен ақша алдымен қарызды жабуға, содан кейін сот орындаушысы-

ның ақысын төлеуге жұмсалады.

Өндіріп алуға болмайтын мүліктер.

Заң бойынша сот орындаушылары төмендегі дүниелерді тартып ала алмайды:

1. Тұрмыстық қажеттілігі төмен емес қарапайым киім-кешек және аяқ киім.

2. Үйдегі күнделікті пайдалануға қажетті жалғыз таңа-зытқыш, плита, ыдыс-аяқ.

3. Борышкердің кәсіби жұмысына қажетті құралдар (егер олардың құны белгілі бір шектен аспаса).

4. Азық-түлік (отбасы мүшелеріне есептелген мөлшерде).

Бұл ақпарат сізге сот орындаушыларының әрекетінің заңдылығын тексеруге немесе өз құқығыңызды қорғауға көмектеседі. Сот шешімінің орындалуы кез келген құқықтық мемлекеттің іргетасы. Сот шешімі мемлекет атынан шығарылады. Сот шешімінің орындалуының маңыздылығын бірнеше негізгі қырларынан қарастыруға болады:

► Мемлекеттік биліктің беделі.

► Құқықтық үстемдігі.

► Азаматтардың сенімі.

Сондықтан заңды күшіне енген сот шешімдерін орындау еліміздің әр азаматының парызы мен міндеті.

К.ШАЙМЕРДЕНОВА,
Қарағанды облысы Әділет департаментінің филиалы «Балқаш қаласының ауданаралық мәжбүрлен орындату аумақтық бөлімі» Бөлім басшысы-аға сот орындаушысы.

✓ОҚИЫҚ, ҮЙРЕНЕЙІК

Түстер

№	Қазақша	Ағылшынша	Транслитерация
1	Ақ	white	[уайт]
2	Қара	black	[блэк]
3	Қызыл	red	[рэд]
4	Қызғылт	pink	[пинк]
5	Қызғылт сары	orange	[орэндж]
6	Жасыл	green	[гри:ин]
7	Қоңыр	brown	[браун]
8	Көк	blue	[блю]
9	Сары	yellow	[йеллоу]
10	Күлгін	purple	[пёрпл]

«Балқаш қаласының тілдер орталығы» КММ.

Хабарландыру

«ВМТ Holding Limited» ЖК «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Тесіктас кен орнында байыту фабрикасын салу» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересин а. о. (47° 2'23.52»С, 76°26'41.51»Ш).

Қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күні, уақыты және орны: 31.03.2026 ж.сағат 15:00- Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересин а.о., Ортадересин а., Орынбек Жәутіков көшесі, 20, сондай-ақ ZOOM конференциясы арқылы: конференция идентификаторы: 816 1834 6653, кіру коды: 8WznAx.

Жоба бойынша құжаттама ҰДБ -те орналастырылған <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Қосымша ақпаратты есепті әзірлеушіден алуға болады: «Есо-Logic» ЖК, БСН 861019301042, Қарағанды қ., Жамбыл к., 1, 21; тел. +7-701-787-26-98; dr.hadron@mail.ru.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы - «ВМТ Holding Limited» ЖК, БСН 210240900245, ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1 ғимарат, Тел.: 8(777) 583-39-88.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 40, телефон 8(7212)56-81-66, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»ММ.

Объявление

ЧК «ВМТ Holding Limited» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к Рабочему проекту «Строительство обогатительной фабрики на месторождении Тесиктас в Актогайском районе Карагандинской области». Территория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о. (47° 2'23.52»С, 76°26'41.51»В).

Дата, время и место начала проведения общественных слушаний:

31.03.2026 г. в 15:00 ч. по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Орта Дересин, ул.Орынбека Жаутикова 20, а также посредством ZOOM конференция: Идентификатор конференции: 816 1834 6653 Код доступа: 8WznAx.

Документация по проекту размещена на НДБ <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru,v> разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию можно получить у разработчика: ИП «Есо - Logic» ИИН 861019301042, г.Караганда, ул. Жамбыла 1, 21; тел. +7-701-787-26-98; dr.hadron@mail.ru. Инициатор намечаемой деятельности — ЧК «ВМТ Holding Limited», БИН 210240900245, РК, город Астана, район Есиль, ул. Дінмұхамед Қонаев, здание 12/1, тел: 8(777) 583-39-88.

Замечания и предложения принимаются по адресу: expertiza.upr_krg@mail.ru, г.Караганда, ул.Лободы, 40, и телефону 8(7212)56-81-66, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

Наследственное дело

После смерти **Мурзина Артема Валериевича**, умершего 31 августа 2025 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Грузинской А. по адресу: г.Балқаш, улица Абая, д.40, тел. 65720

№8.

Наследственное дело

После смерти **гр. Оралбаевой Асии**, умершей 22.08.2025 года, открыто наследственное дело. Заинтересованным лицам (наследникам) обращаться к нотариусу Г.А. Жакупбековой, по адресу: ул. Бокейханова, 20А, возле здания ЦОН, т. 87087749129.

№9.